**ЦИКЛОГРАММА**
**Қыркүйек айы I апта**
**Мектепалды даярлық тобы**
Өтпелі тақырып:«**Мен кіммін және қандаймын?» Мерзімі: 01-03.09.2021**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі 01.09.2021** | **Бейсенбі 02.09.2021** | **Жұма 03.09.2021** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар. | **Мұғалім балалармен танысу: Мектеп туралы әңгімелесу, көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | **Жаттығулар кешені №1** | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | | | *Жанды домино.Балалардың түр-түс (лентаның) жайлы білетіндерін, бірдей, жұп сөздері туралы түсініктерін дамыту; байқампаздыққа, сөзге жылдам әрекет жасауға үйрету.* | Дидактикалық ойыны «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. | Дидактикалық ойыны «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | | | **1. Сауат ашу** **Тақырыбы:** Дыбыс **Мақсаты:** Дыбыс туралы түсінік беру.Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы білімдерін кеңейту. **Міндеттері**: Сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, | **1.Жаратылыстану** **Тақырыбы**:Бізді не қоршап тұр? **Мақсаты:**Жансыз табиғат түсінігімен таныстыру,жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету. **Ұ.к**.Таза бұлақ өлеңін оқу. **Н.к.**Әліппе-дәптермен танысу: шартты белгілермен | **1. Сауат ашу** **Тақырыбы:** Дыбыс **Мақсаты:** Дыбыс туралы түсініктерін пысықтау. **Ұ.к.**Шаттық шеңбер **Д.о** «Ненің дыбысы?» **Сергіту сәті.** **Д.о.** «Дауысынан таны» **Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады.** |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қағылездіlікке, бастаған істі аяқтай білуге баулу. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Негізгі бөлім**<br>Дыбысты естиміз, аузымызбен айтамыз.<br>– Балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады?<br>– Жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз?<br>– Түнде қасымызға маса келгенін қайдан білеміз?<br>**Сергіту сәті.**<br>**Д/о. «Не қалай дауыстайды?».**<br>**Үстелде отыру ережесімен таныстыру.**<br>**Саусақ жаттығуы:«Сорпаға тұз себейік».**<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс:** дәптердегі №1 тапсырма орындалады.<br>**Қорытынды.**Рефлексиямдерін кеңейту.<br>– Бүгінгі оқу қызметінен не түсіндіңдер, түсінбеген жерлерің бар ма? Оқу қызметінің ең қызықты сәтін еске түсіріңдерші. | Әліппе-дәптердегі суреттерді қарап шығып, бұл жерде қайсысы табиғат нысаны екенін ажыратып айтып берулерін өтінеді.<br>**Күрделі сұрақ:** Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар?<br>**Балаларды бірнеше топқа бөледі. Топқа бөлінуді «кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен іске асыруды ұсынады.**<br>**Сергіту сәті.**<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>Тапсырмаларды ретімен орындатады<br>**Тағы не істейді? ойыны.**<br>**Менің достарым ойыны.**<br>Қорытынды.Рефлексия.<br>ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды.<br>Қызықты болмаса, тік сызық сызады.<br>Сөйлемдерді аяқтайды:<br>*Мен бүгін мынаны білдім* | Сыңғыр, сыңғыр сырғалар<br>Құлағымда сыңғырлар.<br>Оң қолымда білезік,<br>Сол қолымда білезік,<br>Санап көрші, кәнеки,<br>1, 2, 3 – бір, екі, үш,<br>Демаламыз жинап күш.<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс:** дәптердегі № 2 тапсырма орындалады.<br>Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**Қорытынды.**Рефлексия ..<br>– Бүгінгі сабақта не ұнады? Қай тапсырма ең қызықты болды?<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**Көшедегі үйлер<br>**Мақсаты:**Көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету.<br>**Ұ.к.**Кіріспе әңгіме.<br>Педагог балалармен өздері тұратын ауыл, қала, көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы қысқаша сұрақ- |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **2.Музыка**<br>**3. Өзін өзі тану**<br>**Тақырыбы:** Өзін-өзі тану әлеміне саяхат<br>**Мақсаты**: Өзін-өзі тану әлемі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Тыныштық сәті. «Күннің нұры»**<br>**Н.к:** 5 «Т» ны сақтау<br>-Тәртіп -Талап -Тазалық -Тыныштық -Татулық<br>**№1.Әдептілікке байланысты мазмұнды суреттерді қарау.**<br>Балалардан сурет бойынша әңгімелеп берулерін сұру.<br>Балалардың жауаптарын тыңдау.<br>Тамаша балалар! «Өзін-өзі тану» әлемінде біз көп жақсы істерді жасай білуге үйренеді екенбіз. Суреттен қайырымды, көңілді, сүйіспеншілігі мол, бір-біріне ыстық ықыласпен қарап отырған адамдарды көріп отырмыз.<br>**Құндылық:**<br>1.Өзін-өзі танудан нені үйренеміз?<br>2.Адамдар бір-біріне қандай болу керек?<br>3.Бойымызда сүйіспеншілік қасиет бар ма? | *Мен үшін мынау өте қызықты болды....*<br>*Мынаны орындау қиын болды...*<br>*Енді мен мынаны шеше аламын...*<br>*Мен мынаны үйрендім...*<br>*Мынау менің қолымнан келеді...*<br>*Мен мынаны істедім...*<br>*Мен мынаны өзім істеп көремін...*<br>**2. Мүсіндеу**<br>Тақырыбы:Жеміс бағында<br>Мақсаты:Балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету.<br>**Ұ.к.** Шаттық шеңберін құру.Күзгі бақ туралы әңгіме.<br>**Н.к.**Күз аруы.Тосын сый.<br>**Жемістерді ажырату.**<br>**Сергіту сәті.**<br>– Балалар,енді,осы жемістердің ішінен алма мен алмұртты мүсіндейік. Алдымен, балалар, қызыл түсті ермексаздың бір бөлігін алақанымызға салып жұмсартып,домалақ пішінге келтіреміз. | жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізеді. Сұрақ-жауап.<br>Н.б.Жапсыру жұмысы. Жасалу жолын түсіндіру.Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**:Білімің бұлағың<br>**Мақсаты**:Балалардың өлеңге қызығушылығын қалыптастыру.<br>К.б.Білім күні туралы түсінік беру.<br>Н.б.А.Шаяхметов.Білім ді-бұлағың өлеңін оқу.Сөздік жұмыс.Дәптермен жұмыс.<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>Д/о.Ғажайып қоржын.<br>Мақал мағынасын түсіндіру.Қорытынды.<br>Балаларды мадақтау.<br>4.**Вариатив Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы:**Ұшақтар<br>**Мақсаты:**Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Дэйексөз:** «Сүйіспеншілік-жүректен»<br>**Тәрбиеші сыйы.**<br>**Сергіту сәті**<br>**Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс.** Ақ парақ бетіне жүрек суретін саламыз.Жеке жұмыс жасату.<br>**Рефлексивті- түзетушілік**<br>Топпен ән айту. «Достар»әні<br>Әнін жазған: Айжігіт Асанов<br>Сөзін жазған: Фариза Оңғарсынова<br>**Соңғы тыныштық сәті.**<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Спорт зал<br>**Мақсаты:**Допты алдыға,жоғары лақтырып,оны қайтадан қағып алуды үйрету.Тепе-теңдік сақтап жүруді үйрету.Балаларды сапқа тұрғызу,бір тізбекте саппен жүруге,жүгіруге жаттықтыру.<br>Баланың екі адымындай қашықтыққа қойылған текшелерден өте отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өту.Спорт залымен,ҰОҚ-дағы қауіпсіздік техникасымен таныстыру.Заттармен және | – Бас бармақпен басу арқылы алманың пішінін келтіреміз.<br>– Енді,жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлшегін алып,алақанға салып домалақтаймыз.<br>Тақтайшаға қойып жалпақтау әдісі арқылы сопақша пішінге келтіреміз.Пышақтың ұшымен кесу арқылы жапырақтың бейнесін жасаймыз.Жапырақты алманың сабағына орналастырамыз. Алмамыз дайын болды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Енді,алмұртты жасауға кірісеміз.Сары түсті ермексазды алып,алақанға салып жұмсартып, сопақша пішінге келтіреміз.<br>Сопақшаның жоғарғы жағын қысу арқылы алмұрттың пішінін мүсіндейміз. Басбармақпен басу арқылы сабақ ойығын жасаймыз. Алманың сабағын жасағандай ағаш бұтақшасын | |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау. Секірудің әртүрлі түрлерін орындау,тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер. Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру,екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру. Қимыл-қозғалыс ойындары «Қақпан»«Қазым-қазым» «Орныңды тап» | орналастырамыз. Жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлігін домалақтап алып, қолымызбен басып жалпақтаймыз. **Қорытынды.Рефлексия** **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Спорт залда ойнаймыз **Мақсаты:**Жүгіру және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету,бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Спорт алаңымен танысу,таза ауадағы жаттығу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін орындау. **4.Вариатив. Логика** **Тақырыбы**: «Кәне, кім тапқыр!» **Мақсаты:** Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау ,ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу. | |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру. | |
| **Серуенге дайындық** | | | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. |
| **Серуендеу** | | | **Бақылау:Күз мезгілінде желді бақылау**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Балалардың тілін дамыту, әңгімелеу арқылы.<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Қимылды ойындар:** «Күн мен түн»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау: Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**Еңбек:** Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Тақия тастамақ»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету.<br>Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.<br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Тышқан мен мысық»**<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.<br>Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

Scanned with ACE Scanner